

Акционерлік қоғамдардың акциялары қосымша эмиссиясының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 4 мамыр N 656. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Акционерлік қоғамдардың акциялары қосымша эмиссиясының жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 маусымдағы N 707 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің алдында кез-келген басқа да берешектері бар акционерлік қоғамдар акцияларының қосымша эмиссиясын шығару тұрғысында сот органдарына жүгінудің тәртібі **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 4 мамырдағы
N 656 қаулысымен
бекітілген

Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің алдында кез-келген басқа да берешектері бар акционерлік қоғамдар акцияларының қосымша эмиссиясын шығару тұрғысында сот органдарына жүгінудің тәртібі

Осы Тәртіп "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектері, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің алдында кез-келген басқа да берешектері бар акционерлік қоғамдар акцияларының қосымша эмиссиясын шығару тұрғысында сот органдарына жүгінудің **тәртібін** **белгілейді.**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, егер қоғамның (бұдан әрі - борышкер) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің алдындағы кез-келген басқа да берешектері бойынша мерзімі үш айдан астам кешіктірілген берешегі мен

мемлекеттік бюджет пен мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландырылатын ұйымдардың мерзімі кешіктірілген берешегінің арасындағы айырмашылық қоғамның шығарылған (төленген) жарғылық капиталы мөлшерінің кемінде үштен екісін құраған жағдайда, акционерлік қоғамның (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардан басқа) акцияларының қосымша эмиссиясын шығаруы тұрғысында сот органдарына жүгінуге құқықты.

Осы Тәртіпте мемлекеттік бюджеттің алдындағы кез-келген басқа да берешектер ретінде акционерлік қоғамдардың: бюджеттік несиелендірумен байланысты қатынастардан; шарттық қатынастардан; сот шешімдерінен; мемлекет кепілдік берген заемның міндеттемелерінен; мемлекеттік бюджет тікелей кредитор болатын, ал акционерлік қоғам тікелей дебитор болып табылатын өзге де қатынастардан пайда болатын кредиторлық берешегі ұғылады.

2. Борышкер акцияларының қосымша эмиссиясын шығару тұрғысында сот органдарына жүгіну туралы шешім, егер онда осы Тәртіптің 1-тармағына сәйкес осындай жүгіну үшін негіз болып табылатын мерзімі кешіктірілген берешегі бар екендігі анықталса, салық заңдарына сәйкес оны кешенді тексерудің нәтижелері бойынша қабылданады.

Шешім акционерлік қоғамда осы Тәртіптің 1-тармағы талаптарына жауап беретін мерзімі кешіктірілген берешегі барлығы туралы расталған ақпараттың негізінде де қабылдануы мүмкін.

Бұл ретте, мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне қажетті растайтын құжаттарды ұсынады.

3. Борышкердің акциялардың қосымша эмиссиясын шығаруы тұрғысында сот органдарына жүгіну туралы шешім қабылдау кезінде акциялардың соңғы эмиссиясын орналастырудың нәтижелері, акциялардың бағалы қағаздар рыногындағы ағымдағы баға кесілулері туралы деректер, сондай-ақ акцияларды орналастырудың нәтижесіне әсер етуге қабілетті өзге де жалпы қол жетімді ақпараттар ескерілуі тиіс. Мұндай деректер болмаған жағдайда борышкердің қаржы-шаруашылық қызметінің жағдайы (өнімі сұранысқа ие жұмыс істеп тұрған өндірісінің, қызметтің басқа да түсімді түрлері болуы) назарға алынады.

4. Борышкердің акцияларының қосымша эмиссиясын шығаруы тұрғысында сот органдарына жүгіну туралы шешімді (бұдан әрі - шешім), шешімнің көшірмесін тапсыру не тапсырысты почтамен жіберу жолымен борышкерді бір мезгілде хабардар ете отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі қабылдайды, ол туралы түбіртекте қоса беру арқылы шешімге белгі

ж а с а л а д ы .

Бұл ретте, көшірмені борышкерге қолын қойғызып тапсырған күн, ал тапсырыс почтамен жіберілген жағдайда шешімнің көшірмесі алынғаннан кейінгі күн - құлақтандыру алынған күн болып табылады. Егер мерзімнің соңғы күні демалыс немесе мереке күніне дөп келсе, мерзім демалыс немесе мереке күнінен кейінгі бірінші жұмыс күнінің соңында аяқталады.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі борышкер хабарлама алған күннен бастап 30 күн өткеннен кейін, егер мерзімі кешіктірілген берешекті ол толық көлемде өтемесе не мерзімі кешіктірілген берешекті көрсетілген мерзімде өтеу мақсатында шығарылған жарғылық капиталдың мөлшерін ұлғайту туралы шешім қабылданбаса, бір уақытта өз есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мұндай акцияларды сатып алуға мүдделі тұлғаларға акциялардың саны мен олардың бағаларын көрсете отырып, алдын ала өтінім беруді ұсына отырып акциялардың ұйғарылып отырған қосымша эмиссиялары туралы хабарландыру жариялау арқылы борышкердің акциялардың қосымша эмиссиясын шығаруы тұрғысында сотқа талап-арыз беруге құқылы. Егер, осындай хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында алғашқы жарияланған күннен бастап 30 күннің ішінде акциялардың қосымша эмиссиясын сатып алуға алдын ала өтінімдер берілмесе не берілген өтінімдердің көлемі (сатуға ұйғарылған акциялардың саны мен олардың бағаларының негізінде есептелген) қоғамның мерзімі кешіктірілген берешегінің үштен бірінен азды құраған жағдайда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі талап-арыз беруден бас тарту сот органдарына хабарлайды.

Қ о с ы м ш а

№ _____

(күні)

Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің алдында кез-келген басқа да берешектері бар акционерлік қоғамдар акцияларының қосымша эмиссиясын шығару тұрғысында сот органдарына жүгіну туралы

ШЕШІМ

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңының 40-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс министрлігі мына тұлғада

(ла у а з ы м ы , а т ы - ж ө н і)

_____ теңге сомасына

(акционерлік қоғамның атауы, заңды мекен-жайы, басшының аты - жөні, С Т Н)

акционерлік қоғамы акцияларының қосымша эмиссия шығару тұрғысына сот органдарына жүгінуді шешті.

Қоғамның мерзімі 3 айдан астам мөлшерде кешіктірілген берешегі мынананы құрайды:

салықтар және басқа да бюджетке төленетін төлемдер бойынша - _____ теңге

мемлекеттік бюджеттің алдындағы басқа да берешектер бойынша - _____ теңге.

Мемлекеттік бюджет пен мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландырылатын ұйымдардың қоғамның алдындағы мерзімі кешіктірілген берешегінің мөлшері _____ теңгені құрайды.

Қоғамның шығарылған (төленген) жарғылық капиталының мөлшері _____ теңгені құрайды.

(қолы, аты-жөні)

М.О.

Осы шешімнің көшірмесін алдым*: _____
(қ о л ы)

_____ (акционерлік қоғам өкілінің аты-жөні, күні)

* Шешімнің көшірмесі тапсырысты почтамен жіберілген жағдайда, түбіртегі қоса тіркеле отырып, осы туралы белгі қойылады.